



Қазақстан Республикасы
Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы

6 (маусым) 2021

www.stat.gov.kz



Қазақстан Республикасының әлеуметтік- экономикалық дамуы

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы

2021 жылғы қаңтар-маусым

Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы
Бас редактор – Н. Айдапкелов

«Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуы» журналы ай сайынғы негізде екі томда құрастырылады: талдамалық баяндама, электрондық түрде қысқаша кестелік материал, қазақ және орыс тілдерінде. Журнал есепті айдағы Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық дамуының барлық негізгі көрсеткіштерін қамтиды. Журнал Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының www.stat.gov.kz Интернет-ресурсында қол жетімді.

Мекенжай: Қазақстан Республикасы 010000
Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел 8
Министрліктер Үйі, 4-кіреберіс
Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі
Ұлттық статистика бюросы
Ақпараттық қызмет: +7 7172 749010, 749011
Факс: +7 7172 749546
Электрондық мекенжай: e.stat@aspire.gov.kz
Интернет-ресурс: <http://stat.gov.kz>

Шартты белгілер:

- – құбылыс жоқ
- 0,0 – болмашы шама
- x – құрия деректер
- ... – деректер жоқ

Жекелеген жағдайларда қорытынды мен қосылғыштар сомасы арасындағы шамалы айырмашылықтар деректерді дөңгелектеумен түсіндіріледі.

Мазмұны

1.	Негізгі көрсеткіштер	4
1.1	Әлеуметтік-экономикалық дамудың қысқаша қорытындылары	4
2.	Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер	8
2.1	Халық саны.....	8
2.2	Халықтың көші-қоны	9
2.3	Сырқаттанушылық.....	10
2.4	Зейнетақылар және жәрдемақылар.....	11
2.5	Қылмыстылық.....	12
3.	Тұрмыс деңгейі статистикасы	13
3.1	Халықтың табыстары.....	13
4.	Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы	14
4.1	Жұмыспен қамтылған және жұмыссыз халық	14
4.2	Кәсіпорындар мен ұйымдардағы еңбекақы	14
5.	Баға статистикасы.....	15
5.1	Тұтыну бағасының индексі.....	15
5.2	Өндіруші кәсіпорындар бағасының индексі	16
5.3	Өндірушілердің ауыл шаруашылығындағы баға индексі	17
5.4	Құрылыстағы баға индексі	18
5.5	Тұрғын үй нарығындағы баға	19
5.6	Көтерме саудада сату бағасының индексі.....	20
5.7	Заңды тұлғаларға көрсетілген жүк көлігі және почталық, курьерлік және байланыс қызметтеріне тарифтердің индексі	21
5.8	Сыртқы сауда бағасының индексі.....	22
6.	Ұлттық экономика	23
6.1	Қысқа мерзімді экономикалық индикатор	23
6.2	Жалпы ішкі өнім	24
6.3	Төлем балансы.....	27
6.4	Инвестициялар статистикасы	28
6.5	Энергетика статистикасы	29
6.6	Кәсіпорын статистикасы.....	30
6.7	Жер қойнауын пайдаланушылардың инвестициялық қызметі.....	31
7.	Сауда	32
7.1	Ішкі сауда статистикасы.....	32
7.2	Тауарлар нарығы	33
7.3	Сыртқы және өзара сауда статистикасы	34
8.	Экономиканың нақты секторы.....	35
8.1	Ауыл, орман, аңшылық және балық шаруашылығы статистикасы	35
8.2	Өнеркәсіп өндірісі статистикасы	36
8.3	Құрылыс статистикасы	38
8.4	Тұрғын үй құрылысы	39
8.5	Көлік статистикасы	40
8.6	Байланыс статистикасы.....	42
8.7	Шағын және орта кәсіпкерлік.....	43
8.8	Конъюнктуралық зерттеулер статистикасы	44
9.	Қаржы жүйесі.....	45
9.1	Мемлекеттік қаржы.....	45
9.2	Ақша-кредит статистикасы	46
9.3	Ақша-кредит жүйесінің кредиттері мен депозиттері	47
9.4	Ірі және орта кәсіпорындардың қаржысы	49
10.	Өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуы	50

1. Негізгі көрсеткіштер

1.1 Әлеуметтік-экономикалық дамудың қысқаша қорытындылары

Қысқа мерзімді экономикалық индикатор

Қысқа мерзімді экономикалық индикатор 2021 жылғы қаңтар-маусымда 2020 жылғы қаңтар-маусымға қарағанда 102,9% құрады. Қысқа мерзімді экономикалық индикаторды есептеу жеделділікті қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады және ЖІӨ-ің 60%-ан аса құрайтын ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс сияқты негізгі салалар бойынша шығарылым индекстерінің өзгеруіне негізделеді.

Тұрмыс деңгейі статистикасы

2021 жылғы мамырда халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстарын бағалау бойынша 121001 (алдын ала деректер) теңгені құрады, бұл 2020 жылғы мамырға қарағанда 8,4% жоғары, нақты ақшалай табыс көрсетілген кезеңде 1,1% артты.

Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы

ХЕҰ әдістемесі бойынша анықталған жұмыссыздар саны 2021 жылғы I тоқсанда 451,3 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі жұмыс күші санына 4,9% құрады. Жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздар ретінде тіркелген адамдар саны 2021 жылғы маусымның соңына 223,5 мың адамды құрады немесе жұмыс күшіне 2,4%. 2021 жылғы маусымда бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы бағалау бойынша 242542 теңгені құрады.

Баға статистикасы

Тұтыну бағасының индексі 2021 жылғы маусымда 2020 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 104,6% құрады. Азық-түлік тауарларға бағалар – 6,6%, азық-түлік емес тауарларға – 3,9%, халыққа арналған ақылы көрсетілетін қызметтерге 2,8% өсті. Өнеркәсіп өнімдеріне өндіруші кәсіпорындар бағасы 2021 жылғы маусымда 2020 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 28,4% өсті.

Ұлттық экономика

2021 жылғы қаңтар-наурызда есептік деректер бойынша Жалпы ішкі өнім көлемі ағымдағы бағаларда 15938,7 млрд. теңгені құрды. Өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда нақты ЖІӨ-нің төмендеуі 1,4% құрады. ЖІӨ құрылымында тауар өндіру үлесі ЖІӨ-нен 38,8% құрады, қызмет көрсету – 55,8%.

2021 жылғы қаңтар-маусымда негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 5247,9 млрд. теңгені құрады, бұл 2020 жылғы қаңтар-маусымға қарағанда 1,8% кем.

2021 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша тіркелген заңды тұлғалардың саны 469927 бірлікті құрады және өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 3,8% артты, оның ішінде қызметкерлерінің саны 100 адамнан азы – 461279 бірлік. Жұмыс істеп тұрған заңды тұлғалардың саны 341927 құрады, оның ішінде 333503 бірлік шағын кәсіпорындар (100 адамнан аз).

Сауда

2021 жылғы қаңтар-маусымда «Сауда» саласы бойынша нақты көлем индексі 108,5% құрады.

2021 жылғы қаңтар-маусымда бөлшек сауда көлемі 5345,4 млрд. теңгені немесе 2020 жылғы тиісті кезең деңгейімен салыстырғанда 107,6% құрады (салыстырмалы бағада).

2021 жылғы қаңтар-маусымда көтерме сауда көлемі 11746,5 млрд. теңгені немесе 2020 жылғы тиісті кезең деңгейімен салыстырғанда 108,9% құрады (салыстырмалы бағада).

2021 жылғы қаңтар-мамырдағы Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 36409,4 млн. АҚШ долларын құрап, 2020 жылғы қаңтар-мамырмен салыстырғанда номиналды мәнде 0,9% көбейді, оның ішінде экспорт – 21691,3 млн. АҚШ долларын (5,5% аз), импорт – 14718,1 млн. АҚШ долларын құрады (12,1% көп).

Экономиканың нақты секторы

2021 жылғы қаңтар-маусымда өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағаларда 17080,8 млрд. теңгені құрды, бұл 2020 жылғы қаңтар-маусымға қарағанда 1,5% артық. Төмендеу кен өндіру өнеркәсібінде және карьерлерді қазуда (3%) тіркелген. Бұл кезде өсім өңдеу өнеркәсібінде (5,6%), электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптауда (5,5%), сумен жабдықтауда, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, өндіріс ластануын жою бойынша қызметте (7,9%) байқалады.

2021 жылғы қаңтар-маусымда ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімінің (қызметінің) жалпы шығарылымының көлемі 1516,6 млрд. теңгені құрады, бұл 2020 жылғы қаңтар-маусымға қарағанда 3,2% артық.

2021 жылғы қаңтар-маусымда құрылыс жұмыстарының (қызметтерінің) көлемі 1824,8 млрд. теңгені құрады, бұл 2020 жылғы қаңтар-маусымға қарағанда 11,9% артық.

2021 жылғы қаңтар-маусымда «Көлік және қоймалау» саласы бойынша нақты көлем индексі 95,1% құрады.

2021 жылғы қаңтар-маусымда жүк айналымының көлемі 277,3 млрд. т-км (коммерциялық жүк тасымалдаумен айналысатын дара кәсіпкерлердің жүк айналымы көлемін бағалауды есепке алғанда) құрап, 2021 жылғы қаңтар-маусыммен салыстырғанда 0,3% өсті. Жолаушылар айналымының көлемі 43,1 млрд. ж-км құрап, 44,3% кеміді.

Қаржы жүйесі

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің деректері бойынша 2021 жылғы 1 маусымдағы жағдайына мемлекеттік бюджет табыстары 6016,8 млрд. теңгені құрады немесе атқарылатын бюджетке қатысты 43,1%. Шығындар бойынша бюджеттің атқарылуы 6551,1 млрд. теңгені құрады немесе атқарылатын бюджетке қатысты 38,9%. 2020 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда табыстар 1%, шығындар 8,8% артты. Бюджет дефициті (таза бюджеттік кредит беруді және қаржылық активтермен операциялар бойынша сальдоны есепке алғанда) -758,8 млрд. теңге деңгейінде қалыптасты.

ЕДБ экономика саласына кредиттік салымдары 2021 жылғы мамырдың соңына 15640,6 млрд. теңгені құрап, өткен жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 11,9% өсті. Кредиттердің жалпы көлемінде ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы 85,8%, шетелдік валютадағы кредиттер 12,9% құрады. Депозиттік ұйымдардағы депозиттер көлемі 24482 млрд. теңгені құрады, бұл өткен жылғы тиісті айға қарағанда 24,5% артық, жеке тұлғалардың депозиттері 22,4% артып, 11802,5 млрд. теңгені құрады.

2021 жылғы I тоқсанда жұмыс істейтіндердің саны 100 адамнан асатын кәсіпорындардың қаржылық нәтижесі пайда ретінде 3124,7 млрд. теңге сомасында қалыптасты. Пайдалылық (залал) деңгейі 28,2% құрады. Есеп берген кәсіпорындардың жалпы санынан залалды кәсіпорындар үлесі 37,9% құрады.

Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер мониторингі

2021 жылғы мамыр

	2021 жылғы қаңтар- мамыр	2021 жылғы мамыр	2021 жылғы қаңтар-мамыр 2020 жылғы қаңтар-мамырға пайызбен	2021 жылғы мамыр 2020 жылғы мамырға пайызбен	2021 жылғы мамыр 2021 жылғы сәуірге пайызбен
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер					
Кезең соңына халық саны, адам	-	18 984 845	-	101,3	100,1
Туғандар саны, адам	175 152	37 717	111,7	97,4	102,0
Өлгендер саны, адам	63 659	14 202	127,3	98,9	106,6
Иммигранттар, адам	3 662	809	64,0	59,4	102,8
Эмигранттар, адам	9 862	2 371	116,9	224,1	120,2
Тыныс алу органдарының туберкулез ауруымен тіркелген оқиғалар саны, адам	2 583	481	98,2	131,8	78,2
Анықталған АИТВ-жұқпасын тасымалдаушылар саны, адам	1 432	281	97,4	139,1	79,6
Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны, оқиға	73 249	13 070	98,2	120,9	104,5
Қылмыстылық деңгейі (10 000 адамға шаққандағы құқық бұзушылықтар саны)	94	-	97,9	-	-
Тұрмыс деңгейі статистикасы					
Орташа жан басына атаулы ақшалай табыс (бағалау, алдын ала деректер), теңге	605 149	121 001	109,0	108,4	100,0
Нақты ақшалай табыс (бағалау, алдын ала деректер), %	-	-	101,7	101,1	99,3
Ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы, теңге	-	35 622	-	110,9	101,9
Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы					
Жұмыссыздар саны, мың адам (бағалау)	-	-	-	-	-
Тіркелген жұмыссыздар саны, мың адам	-	222,7	-	138,1	103,6
Жұмыссыздық деңгейі, % (2021 жылғы I тоқсан)	-	4,9	-	-	-
Тіркелген жұмыссыздар үлесі, %	-	2,4	-	-	-
Жасырын жұмыссыздық деңгейі, % (бағалау, 2021 жылғы I тоқсан)	-	0,3	-	-	-
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге (алдын ала бағалау)*	231 231	232 347	114,0	109,9	100,4
Нақты жалақы индексі, % (алдын ала бағалау)*	-	-	106,3	102,5	99,7
Баға статистикасы					
Тұтыну бағаларының индексі, %	-	-	107,2	107,2	100,7
Өнеркәсіп өнімдеріне өндіруші кәсіпорындар бағасының индексі, %	-	-	117,5	148,2	103,1
Ауыл шаруашылық өнімін өткізу бағасының индексі, %	-	-	115,7	114,3	99,9
Құрылыстағы баға индексі, %	-	-	101,2	103,5	101,5
Көтерме саудада сату бағасының индексі, %	-	-	105,9	108,6	101,7
Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау тарифтерінің индексі, %	-	-	107,9	107,2	99,7
Заңды тұлғаларға көрсетілген почталық және курьерлік қызметтер тарифтерінің индексі, %	-	-	105,2	105,3	100,0
Заңды тұлғаларға көрсетілген байланыс қызметтері тарифтерінің индексі, %	-	-	100,2	100,2	100,0
Өнімдердің экспорттық жеткізілімдері бағасының индексі, %	-	-	119,9	162,3	102,5
Өнімдердің импорттық түсімдері бағасының индексі, %	-	-	108,7	111,5	101,8
Ұлттық экономика					
Қысқа мерзімді экономикалық индикатор, млрд. теңге (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік, байланыс – алты саланың нақты өсу қарқыны бойынша есептеледі)	26 762,7	5 830,4	102,0	105,0	101,4
Жалпы ішкі өнім, млрд. теңге (2021 жылғы қаңтар-наурыз, есептік деректер)	15 938,7	-	98,6	-	-
Негізгі капиталға инвестициялар, млрд. теңге	3 830,0	961,6	94,4	96,7	124,1
Сауда					
Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда, млрд. теңге	4 098,9	818	107,5	113,3	107,4
Сыртқы сауда айналымы, млн. АҚШ доллары	36 409,4	8 301,7	100,9	120,3	96,5
Тауарлар экспорты, млн. АҚШ доллары	21 691,3	4 978,7	94,5	124,6	96,0
Тауарлар импорты, млн. АҚШ доллары	14 718,1	3 323,0	112,1	114,4	97,3
Экономиканың нақты секторы					
Өнеркәсіп өнімінің (тауарлар, қызметтер) көлемі, млрд. теңге	14 019,1	2 973,9	101,4	103,6	97,4
Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімі (қызметі) жалпы шығарылымының көлемі, млрд. теңге	1 110,2	279,0	103,1	103,3	116,8
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млрд. теңге	1 139,7	387,2	111,3	107,4	159,8
Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау, млн. тонна	1 376,6	299,9	96,9	93,9	114,8

Жалғасы					
	2021 жылғы қаңтар-мамыр	2021 жылғы мамыр	2021 жылғы қаңтар-мамыр 2020 жылғы қаңтар-мамырға пайызбен	2021 жылғы мамыр 2020 жылғы мамырға пайызбен	2021 жылғы мамыр 2021 жылғы сәуірге пайызбен
Көліктің барлық түрлерімен жүк айналымы, млрд. т-км	228,6	49,0	99,6	103,7	105,5
Пошта және курьерлік қызметтің көрсетілетін қызметтерінің көлемі, млрд. теңге	22,4	4,7	143,2	157,3	93,6
Байланыс қызметінің көлемі, млрд. теңге	398,9	82,6	111,6	113,8	101,1
Қаржы жүйесі					
Ақша массасы М3, млрд. теңге	-	27 446,6	-	122,3	102,2
Айналыстағы қолма-қол ақша, млрд. теңге	-	2 964,6	-	107,2	102,8
Депозиттік ұйымдардағы депозиттер, кезең соңына, млрд. теңге (бейрезиденттер шоттарын есепке алмағанда)	-	24 482,0	-	124,5	102,1
жеке тұлғалардың депозиттері, кезең соңына, млрд. теңге (бейрезиденттер шоттарын есепке алмағанда)	-	11 802,5	-	122,4	100,8
Экономика және халықтың ЕДБ кредиттері, млрд. теңге	-	15 640,6	-	111,9	103,6
ЕДБ ұзақ мерзімді кредиттік салымдары, млрд. теңге	-	13 412,8	-	112,4	103,9
Кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдалылығы (залалы), % (2021 жылғы I тоқсан)	28,2	-	-	-	-
Кәсіпорындар мен ұйымдардың дебиторлық берешегі, млрд. теңге (2021 жылғы 1 сәуірге)	11 183,3	-	108,1	-	-
Кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелер бойынша берешегі, млрд. теңге (2021 жылғы 1 сәуірге)	54 409,5	-	97,9	-	-

2021 жылғы маусым					
	2021 жылғы қаңтар-маусым	2021 жылғы маусым	2021 жылғы қаңтар-маусым 2020 жылғы қаңтар-маусымға, пайызбен	2021 жылғы маусым 2020 жылғы маусымға, пайызбен	2021 жылғы маусым 2021 жылғы маусымға, пайызбен
Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер					
Кезең соңына халық саны, мың адам	-	...	-
Туғандар саны, адам
Өлгендер саны, адам
Иммигранттар, адам
Эмигранттар, адам
Тыныс алу органдарының туберкулез ауруымен тіркелген оқиғалар саны, адам
Анықталған АИТВ-жұқпасын тасымалдаушылар саны, адам
Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны, оқиға
Қылмыстылық деңгейі (10 000 адамға шаққандағы құқық бұзушылықтар саны)	-	-
Тұрмыс деңгейі статистикасы					
Орташа жан басына атаулы ақшалай табыс (бағалау, алдын ала деректер), теңге	-	-
Нақты ақшалай табыс (бағалау, алдын ала деректер), %	-	-	...	-	-
Ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасы, теңге	-	38 779	-	114,2	108,9
Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы					
Жұмыссыздар саны, мың адам (бағалау)	-	-	-	-	-
Тіркелген жұмыссыздар саны, мың адам	-	223,5	-	120,9	100,3
Жұмыссыздық деңгейі, % (2021 жылғы I тоқсан)	-	4,9	-	-	-
Тіркелген жұмыссыздар үлесі, %	-	2,4	-	-	-
Жасырын жұмыссыздық деңгейі, % (бағалау, 2021 жылғы I тоқсан)	-	0,3	-	-	-
Бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы, теңге (алдын ала бағалау)*	233 116	242 542	113,1	109,0	104,4
Нақты жалақы индексі, % (алдын ала бағалау)*	-	-	105,4	101,0	103,3
Баға статистикасы					
Тұтыну бағаларының индексі, %	-	-	107,3	107,9	101,1
Өнеркәсіп өнімдеріне өндіруші кәсіпорындар бағасының индексі, %	-	-	122,3	150,2	103,1
Ауыл шаруашылық өнімін өткізу бағасының индексі, %	-	-	115,2	112,8	99,6
Құрылыстағы баға индексі, %	-	-	101,7	104,0	100,6
Көтерме саудада сату бағасының индексі, %	-	-	106,4	109,1	100,5

Жалғасы					
	2021 жылғы қаңтар- маусым	2021 жылғы маусым	2021 жылғы қаңтар- маусым 2020 жылғы қаңтар- маусымға, пайызбен	2021 жылғы маусым 2020 жылғы маусымға, пайызбен	2021 жылғы маусым 2021 жылғы маусымға, пайызбен
Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау тарифтерінің индексі, %	-	-	108,0	108,3	100,0
Заңды тұлғаларға көрсетілген почталық және курьерлік қызметтер тарифтерінің индексі, %	-	-	105,2	105,4	100,1
Заңды тұлғаларға көрсетілген байланыс қызметтері тарифтерінің индексі, %	-	-	100,2	100,3	100,0
Өнімдердің экспорттық жеткізілімдері бағасының индексі, %	-	-
Өнімдердің импорттық түсімдері бағасының индексі, %	-	-
Ұлттық экономика					
Қысқа мерзімді экономикалық индикатор, млрд. теңге (ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік, байланыс – алты саланың нақты өсу қарқыны бойынша есептеледі)	33 626,9	6 864,3	102,9	104,9	115,8
Жалпы ішкі өнім, млрд. теңге	...	-	...	-	-
Негізгі капиталға инвестициялар, млрд. теңге	5 247,9	1 417,9	98,2	109,3	146,6
Сауда					
Өткізудің барлық арналары бойынша бөлшек сауда, млрд. теңге	5 345,4	1 246,5	107,6	107,5	150,7
Сыртқы сауда айналымы, млн. АҚШ доллары
Тауарлар экспорты, млн. АҚШ доллары
Тауарлар импорты, млн. АҚШ доллары
Экономиканың нақты секторы					
Өнеркәсіп өнімінің (тауарлар, қызметтер) көлемі, млрд. теңге	17 080,8	3 061,6	101,5	101,7	100,2
Ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімі (қызметі) жалпы шығарылымының көлемі, млрд. теңге	1 516,6	406,4	103,2	103,6	149,1
Құрылыс жұмыстарының көлемі, млрд. теңге	1 824,8	685,1	111,9	110,8	175,7
Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау, млн. тонна	1 706,9	330,3	96,8	96,2	110,1
Көліктің барлық түрлерімен жүк айналымы, млрд. т-км	277,3	48,8	100,3	103,6	99,5
Пошта және курьерлік қызметтің көрсетілетін қызметтерінің көлемі, млрд. теңге	26,9	4,6	140,3	127,2	96,6
Байланыс қызметінің көлемі, млрд. теңге	483,3	84,4	112,2	115,0	102,1
Өнеркәсіптегі кәсіпкерлік сенімділік индексі (2021 жылғы II тоқсан)	-	-	+7	-	-
Саудадағы кәсіпкерлік сенімділік индексі (2021 жылғы II тоқсан)	-	-	0	-	-
Құрылыстағы кәсіпкерлік сенімділік индексі (2021 жылғы II тоқсан)	-	-	0	-	-
Қаржы жүйесі					
Ақша массасы М3, млрд. теңге	-	...	-
Айналыстағы қолма-қол ақша, млрд. теңге	-	...	-
Депозиттік ұйымдардағы депозиттер, кезең соңына, млрд. теңге (бейрезиденттер шоттарын есепке алмағанда)	-	...	-
жеке тұлғалардың депозиттері, кезең соңына, млрд. теңге (бейрезиденттер шоттарын есепке алмағанда)	-	...	-
Экономика және халықтың ЕДБ кредиттері, млрд. теңге	-	...	-
ЕДБ ұзақ мерзімді кредиттік салымдары, млрд. теңге	-	...	-
Кәсіпорындар мен ұйымдардың пайдалылығы (залалы), %	...	-	-	-	-
Кәсіпорындар мен ұйымдардың дебиторлық берешегі, млрд. теңге	...	-	...	-	-
Кәсіпорындар мен ұйымдардың міндеттемелер бойынша берешегі, млрд. теңге	...	-	...	-	-

* Кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпорындарды есепке алусыз.

Ескерту.

Кешіктіріліп құрастырылған көрсеткіштер алдыңғы кестеде берілген.

2. Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіштер

2.1 Халық саны

	мың адам		
	Барлық халық	Қала халқы	Ауыл халқы
2021 жылғы 1 маусымға	18 984,8	11 237,0	7 747,8
2020 жылғы 1 маусымға	18 735,8	11 018,5	7 717,3

2021 жылғы 1 маусымға еліміздегі халық саны 18984,8 мың адамды құрады, оның ішінде қалалықтар – 11237 мың (59,2%), ауылдықтар – 7747,8 мың адам (40,8%). 2020 жылғы 1 маусыммен салыстырғанда халық саны 249 мың адамға немесе 1,3% өсті.

Халықтың табиғи қозғалысы

	Адам		1000 адамға	
	2021 жылғы қаңтар-мамыр	2020 жылғы қаңтар-мамыр	2021 жылғы қаңтар-мамыр	2020 жылғы қаңтар-мамыр
Туғандар	175 152	156 846	22,28	20,13
Өлгендер	63 659	50 019	8,10	6,42
Табиғи өсім	111 493	106 827	14,18	13,71
Некелер	53 237	36 417	6,77	4,67
Ажырасулар*	7 820	11 326	0,99	1,45


* Деректер тіркеу органдарында тіркелген ажырасулар бойынша қалыптастырылған некені бұзу туралы сот шешімдері ескерілмеген.

2021 жылғы қаңтар-мамырда республикада 1 жасқа дейін шетінеген 1423 (2020 жылғы қаңтар-мамырда – 1221) нәресте тіркелді. 2020 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда 1 жасқа дейін шетінеген нәрестелер саны 16,5% бейді.


2021 жылғы қаңтар-мамырда нәресте өлім-жітімінің коэффициенті 1000 туғандарға шаққанда 8,12 (7,78) оқиғаны құрады.

Нәресте өлім-жітімінің негізгі себебі - перинаталдық кезеңде туындаған жағдайлар, бұдан 2021 жылғы қаңтар-мамырда 786 (632) нәресте қайтыс болған, немесе нәрестелер арасындағы жалпы өлім оқиғаларының санынан 55,2% (51,8%) құрады. Шетінеген нәрестелер саны туа біткен ауытқулардан 282 (239) немесе 19,8% (19,6%), инфекциялық және паразитарлы аурулардан 60 (54) немесе 4,2% (4,4%), тыныс органдары ауруларынан – 55 (114) немесе 3,9% (9,3%) және жазатайым жағдайдан, ұланудан және жарақаттан – 42 (40) немесе 3% (3,3%) құрады.


Халық саны өсімі қарқынының өзгеруі



Халықтың табиғи өсімінің өзгеруі




Нәресте өлімі коэффициенттерінің серпіні



2.2 Халықтың көші-қоны

	2021 жылғы қаңтар-мамыр	2020 жылғы қаңтар-мамыр
Келгені		
Барлығы	318 185	260 466
сыртқы көші-қон	3 662	5 723
оның ішінде:		
ТМД елдері	3 088	4 072
басқа елдер	574	1 651
ішкі көші-қон	314 523	254 743
Кеткені		
Барлығы	324 385	263 179
сыртқы көші-қон	9 862	8 436
оның ішінде:		
ТМД елдері	8 101	7 497
басқа елдер	1 761	939
ішкі көші-қон	314 523	254 743
Көші-қон айырымы		
Барлығы	-6 200	-2 713
сыртқы көші-қон	-6 200	-2 713
оның ішінде:		
ТМД елдері	-5 013	-3 425
басқа елдер	-1 187	712
ішкі көші-қон	-	-

Сыртқы көші-қонның өзгеруі



2021 жылғы қаңтар-мамырда Қазақстанға келгендер саны 2020 жылғы қаңтар-мамырмен салыстырғанда 36% кеміді, Қазақстаннан кеткендер саны 16,9% артты.


Еліміздегі негізгі көші-қон алмасуы ТМД мемлекеттерімен өтуде. ТМД елдерінен келгендердің және сол елдерге кеткендердің үлесі 84,3% және тиісінше 82,1% құрады.

Ел ішінде қоныс аударатын көшіп-қонушылар саны 23,5% артты. Өңіраралық қоныс аудару бойынша халық көші-қонының оң айырымы еліміздің 4 өңірінде байқалды: Маңғыстау (327 адам) облысында және Нұр-Сұлтан (8920 адам), Алматы (11647 адам) және Шымкент (7342 адам) қалаларында.

Жеке этностық топтар бойынша сыртқы көші-қонының құрылымы


	Келгендер		Кеткендер	
	2021 жылғы қаңтар-мамыр	2020 жылғы қаңтар-мамыр	2021 жылғы қаңтар-мамыр	2020 жылғы қаңтар-мамыр
Барлығы	100	100	100	100
Қазақтар	34,7	59,0	5,2	4,8
Орыстар	27,5	16,9	66,2	70,3
Өзбектер	5,5	5,7	0,5	0,9
Украиндар	2,9	1,7	7,4	6,6
Татарлар	1,9	1,2	2,9	2,5
Немістер	2,1	1,5	10,1	7,9
Басқалар	25,4	14,0	7,7	7,0

2021 жылғы қаңтар-мамырдағы халықтың өңіраралық көші-қоны



2.3 Сырқаттанушылық

ДСМ ҚДСҰО ШЖҚ РМК «СЭСЖМ ҒПО» филиалының деректері бойынша



2020 жылғы қаңтар-мамырда жекелеген жұқпалы аурулармен сырқаттанушылық деңгейі

Тіркелген жұқпалы аурулардың арасында аса кең тарағаны жоғарғы тыныс алу жолдарының өткір жұқпасы - халықтың 100000 адамына шаққанда 5148 (2020 жылғы тиісті кезеңде – 3667,1) оқиға, ішектің өткір жұқпасы – 49,0 (33,4), тыныс алу органдарының туберкулезі – 33 (33,9), мерез – 14,1 (15,6) және битшендік – 8,3 (10,8).

Ақпарат үшін: ағымдағы жылдың талданып отырған кезеңінде коронавирустық инфекцияны жұқтырудың (COVID-2019) 232199 жағдайы және вирус (COVID-2019) сәйкестендірілмеген 12224 жағдайы расталды. Сонымен қатар, анықталмаған коронавирустық инфекцияның 786 жағдайы расталды.

Жекелеген жұқпалы ауру түрлерімен халықтың ауру-сырқаулығының өсуі

	2021 жылғы мамыр 2021 жылғы сәуірге	
	барлығы	ауылдық жер
Жоғарғы тыныс алу жолдарының анықталмаған жіті жұқпасы	87,5	107,9
Желшешек	85,7	89,2

Ең көп таралған ауру-сырқауға шалдығу оқиғаларының тіркелген саны

	2021 жылғы қаңтар- мамыр	2021 жылғы мамыр	2021 жылғы қаңтар-мамыр 2020 жылғы қаңтар- мамырға пайызбен	2021 жылғы мамыр 2020 жылғы мамырға пайызбен	2021 жылғы мамыр 2021 жылғы сәуірге пайызбен
Жоғарғы тыныс жолдарының анықталмаған жіті жұқпасы					
барлығы	403 206	62 418	141,7	6,3 есе	65,1
одан 14 жасқа дейінгі балалар	194 017	31 594	110,2	6,2 есе	70,7
ауылдық жер	62 857	8 233	108,6	4 есе	53,2
Желшешек					
барлығы	232 199	64 977	20,8 есе	8,5 есе	85,7
одан 14 жасқа дейінгі балалар	29 495	8 679	31,4 есе	12,1 есе	89,1
ауылдық жер	44 367	12 089	28,6 есе	13,6 есе	89,2
Функционалдық диарея					
барлығы	6 904	1 121	48,5	5,6 есе	76,6
одан 14 жасқа дейінгі балалар	5 955	978	49,4	5,9 есе	76,7
ауылдық жер	1 399	267	38,5	4 есе	97,8
Нақтыланған басқа да бактериялық ішек жұқпалары					
барлығы	3 170	478	149,5	2 раза	87,5
одан 14 жасқа дейінгі балалар	2 727	368	1,8 есе	2,6 есе	79,5
ауылдық жер	383	68	150,8	2,3 есе	107,9

2.4 Зейнетақылар және жәрдемақылар

ЕХӘҚМ деректері бойынша



	Тағайындалған зейнетақының / жәрдемақының орташа мөлшері, теңге	Алушылар саны, мың адам
Жасы бойынша зейнетақы төлемі		
2020 жылғы I тоқсан	61 516	2 107,3
2021 жылғы I тоқсан	68 181	2 249,3
Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі		
2020 жылғы I тоқсан	28 311	2 199,0
2021 жылғы I тоқсан	30 988	2 208,6
Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы		
2020 жылғы I тоқсан	42 493	697,4
2021 жылғы I тоқсан	46 432	698,0
Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы¹⁾		
2020 жылғы I тоқсан	26 936	909,2
2021 жылғы I тоқсан	7 646	263,6
Мемлекеттік тұрғын үй көмегі²⁾		
2020 жылғы I тоқсан	5 455,1	26,7
2021 жылғы I тоқсан	1 773,3	20,4
Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмегі		
2020 жылғы қаңтар-мамыр	10 159,7	629,9
2021 жылғы қаңтар-мамыр	8 874,5	799,2

¹⁾ «Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында «Алтын алқамен», «Күміс алқамен» марапатталған көп балалы аналар және «Бірге тұратын 4 және одан да көп кәмелетке толмаған балалары бар көп балалы отбасылар» санаты бойынша мемлекеттік арнаулы жәрдемақы тағайындалмайды.

²⁾ «Алушылар саны» бағанында мың отбасы көрсетілген.

2021 жылғы I тоқсанға жасы бойынша зейнеткерлер саны 2111355 адам, тағайындалған орташа зейнетақы мөлшері әлеуетті құрылымдар есебімен – 68181 теңгені құрады. Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің орташа мөлшері 2021 жылы 31060 теңгені құрады. 2021 жылғы I тоқсанға тағайындалған тұрғын үй көмегінің орташа мөлшері – 1773,3 теңге, оны 20421 отбасы алды. 2021 жылғы қаңтар-мамырдағы тағайындалған атаулы әлеуметтік көмектің орташа мөлшері – 8874,5 теңге, оны 799174 адам алды.

Зейнетақының / жәрдемақының орташа мөлшері және алушылар саны




2.5 Қылмыстылық*

	Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны	Одан	
		әйелдерге қатысты	кәмелетке толмағандарға қатысты
2020 жылғы қаңтар-мамыр	74 573	27 244	887
2021 жылғы қаңтар-мамыр	73 249	27 239	1 052

Халықтың 10 000 адамына шаққандағы қылмыстылық деңгейі

	Барлығы
2020 жылғы қаңтар-мамыр	96
2021 жылғы қаңтар-мамыр	94



Есепті кезеңде тергелген қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша жалпы республика бойынша материалдық залалдың белгіленген сомасы 104687,8 млн. теңгені құрады, оның ішінде 26,7% - экономикалық қызмет саласындағы қылмыстарға, 54,3% - меншікке қарсы қылмыстық құқық бұзушылықтарға келеді.

Республиканың құқық қорғау органдары қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған 25533 адамды анықтады (2020 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 23,8% аз), қылмыстық жауапкершілікке 13931 адам тартылды, бұл 2020 жылғы тиісті кезеңге қарағанда 8,7% аз. Қылмыстық құқық бұзушылықтар жасаған анықталған адамдар санынан 13,5% - әйелдер (2020 жылғы тиісті кезеңде – 12,4%), 2,1% - кәмелетке толмағандар (2,4%), мемлекеттік функцияларды атқарушылар – 1,8% (1,7%). Бұрын қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың үлес салмағы 36,4% (37,1%) құрады.

Қазақстан бойынша орташа алғанда қылмыстық құқық бұзушылық жасаған әрбір жетінші адам - мас күйінде болған, әрбір тоғызыншы адам - топ құрамында жасаған. Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған анықталған тұлғалардың ең көп бөлігін жұмыссыздар құрайды – 80,2% (2020 жылғы қаңтар-мамыр – 83,4%).

Қылмыстық құқық бұзушылықтар санаттары бойынша

	2021 жылғы қаңтар-мамыр	Қорытындыға пайызбен	Өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен
Тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар саны – барлығы, оқиғалар	73 249		98,2
Жеке адамға қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар	4 649	6,3	102,7
одан:			
кісі өлтіру	388		101,0
денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру	748		87,4
денсаулыққа қасақана орташа ауыр зиян келтіру	1 241		93,2
Меншікке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар	52 565	71,8	96,7
одан:			
бөтен адамның мүлкін ұрлау	24 116		75,7
алаяқтық	19 058		151,3
тонау	1 083		77,5
қарақшылық	109		93,2
бопсалаушылық	207		115,0
Қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпке қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар	2 531	3,5	95,9
одан: бұзақылық	1 181		74,0
Халықтың денсаулығына және адамгершілік қасиеттеріне қарсы жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар	3 808	5,2	111,8
одан: есірткімен байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар	3 556		111,2
Мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүддесіне қарсы жасалған сыбайлас жемқорлық және өзге де қылмыстық құқық бұзушылықтар	888	1,2	76,7
Әскери қылмыстық құқық бұзушылық	113	0,2	132,9
Көлік қылмыстық құқық бұзушылық	2 221	3,0	97,2
Басқалары	6 474	8,8	106,0

* Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасының құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті деректері бойынша.


3. Тұрмыс деңгейі статистикасы

3.1 Халықтың табыстары

Халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары (бағалау)

	теңге
	Халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары*
2020 жыл	114 995
I тоқсан	110 345
II тоқсан	111 820
III тоқсан	112 369
IV тоқсан	125 446
2021 жыл	
I тоқсан	121 057

* Алдын ала деректер.



2021 жылғы мамырда халықтың орта есеппен жан басына шаққандағы атаулы ақшалай табыстары бағалау бойынша 121001 теңгені құрады, бұл 2020 жылғы мамырға қарағанда 8,4% жоғары, нақты ақшалай табыс көрсетілген кезеңде 1,1% артты.

	өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен	
	2021 жылғы мамыр	2021 жылғы қаңтар-мамыр
Атаулы ақшалай табыстар индексі	108,4	109,0
Нақты ақшалай табыстар индексі	101,1	101,7

Атаулы ақшалай табыстардың құрылымы



4. Еңбек және жұмыспен қамту статистикасы

4.1 Жұмыспен қамтылған және жұмыссыз халық

СК және ЕХӘҚМ деректері бойынша

ХЕҰ әдіснамасы бойынша анықталатын жұмыссыздар саны, 2021 жылғы I тоқсан¹⁾ бойынша 451,3 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі – 4,9% құрады.

Жұмыспен қамтылған халықтың²⁾ саны 8781,1 мың адамды құрады, оның ішінде жалдамалы жұмыспен қамтылғандар 6702,7 мың адамды құрады, дара кәсіпкерлер - 1554,3 мың адамды, шаруашылық серіктестіктерінің құрылтайшылары (қатысушылары) және акционерлік қоғамдардың құрылтайшылары, акционерлері (қатысушылары), сондай-ақ өндірістік кооперативтердің мүшелері болып табылатын жеке тұлғалар – 14,7 мың адамды, тәуелсіз жұмыскерлер – 509,4 мың адамды құрады.

	Жұмыссыздық деңгейі, пайызбен	15-28 жас аралығындағы жастар жұмыссыздығының деңгейі ³⁾ , пайызбен
2020 жыл		
I тоқсан	4,8	3,8
II тоқсан	5,0	4,0
III тоқсан	5,0	3,9
IV тоқсан	4,9	3,6
2021 жыл		
I тоқсан	4,9	3,7

	2021 жылғы I тоқсан ¹⁾		
	мың адам	2020 жылғы I тоқсанға пайызбен	2020 жылғы IV тоқсанға пайызбен
Жұмыс күші	9 232,4	100,0	100,4
Жұмыспен қамтылған халық	8 781,1	99,9	100,4
Жұмыссыз халық	451,3	102,0	99,6
Жұмыс күші құрамына кірмейтін адамдар	4 108,8	102,6	101,6

Жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту органдарында⁴⁾ 2021 жылғы маусымның соңында 223,5 мың адам ресми тіркелген (тіркелген жұмыссыздар үлесі – 2,4%).


	2021 жылғы маусым ⁴⁾	
	мың адам	2021 жылғы мамырға пайызбен
Жұмыс іздеген адам ретінде жұмыспен қамту жолыққандар	44,2	104,7
Барлық жұмысқа орналастыру жөніндегі көрсетілген шаралар, бірлік	37,1	124,4
Кәсіби даярлауға немесе қайта даярлауға, біліктілігін арттыруға жіберілгендер	11,9	110,2
Қоғамдық жұмыстарға қатысқандар	12,6	137,6

4.2 Кәсіпорындар мен ұйымдардағы еңбекақы

өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен	
	Орташа айлық атаулы жалақы
2020 жылғы маусым (бағалау)	222 569
2021 жылғы маусым (бағалау)	242 542

2021 жылғы маусымдағы бір жалдамалы қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысы бағалау бойынша 242542 теңгені құрады.

2020 жылғы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы 42500 теңге мөлшерінде белгіленген.



¹⁾ 2021 жылғы I тоқсандағы халықтың жұмыспен қамтылуын іріктелмей зерттеу қорытындылары.

²⁾ Қызметкерлердің санаты Қазақстан Республикасы «Халықтың жұмыспен қамтылуы туралы» Заңына сәйкес көрсетілген.

³⁾ «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес.

⁴⁾ Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі деректері.

5. Баға статистикасы


5.1 Тұтыну бағасының индексі

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен	
2020 жыл	107,5
өткен айға пайызбен	
2020 жылғы маусым	100,4
2021 жылғы маусым	101,1

2021 жылғы маусымда бағаның сәбізге – 1,9 еседен, қызылшаға – 1,5 еседен, картопқа – 40,7%, күнбағыс майына – 5,6%, басты пиязға – 4,7%, жармаларға – 1,8%, қантқа – 1,5%, ет және ет өнімдеріне, кондитерлік өнімдерге – 1%-дан, жаңа жиналған жемістерге – 0,7% өсуі, төмендеуі – қиярға 33,2%, қызанаққа – 14,2%, жұмыртқаға – 13,9% апельсинге 2,9% белгіленді. Алкогольді ішімдіктер – 0,9%, алкогольсіз сусындар 0,8% қымбаттады.

Баға деңгейі тұрмыстық техникаға – 2,2%, дыбыс-бейне шолу жабдығы мен фотоаппаратура, ақпаратты өңдеуге арналған жабдыққа – 2,1%, жиназ және кілемдерге – 1,7%, тұрғын үй-жайларды жөндеу және қызмет көрсетуге арналған материалдарға – 1,5%, автомобильдерге 1,3% өсті. Дизель отыны – 1,8%, баллондағы сұйытылған газ 1,4% қымбаттады.

Баға санаторилер қызметтеріне – 3,7%, жолаушылар көлігінің қызметтеріне – 1,7%, тұрғын үй-жайларды жөндеу және қызмет көрсету бойынша қызметтерге – 1,3%, шаштараздар мен жеке қызмет көрсету орындарының қызметтеріне – 1%, қонақ үй қызметтеріне 0,9% өсті.



	2021 жылғы мамыр				пайызбен
	2021 жылғы сәуірге	2020 жылғы желтоқсанға	2020 жылғы мамырға	2015 жылғы желтоқсанға	2021 жылғы қаңтар-мамыр 2020 жылғы қаңтар-мамырға
Тауарлар мен қызметтер	100,7	103,5	107,2	143,4	107,2
Азық-түлік тауарлары	100,8	104,9	109,3	157,0	110,5
Азық-түлік емес тауарлар	100,6	103,1	106,7	145,0	105,8
Халыққа арналған ақылы көрсетілетін қызметтер	100,7	102,1	105,1	125,7	104,2



	2021 жылғы маусым				пайызбен
	2021 жылғы маусымға	2020 жылғы желтоқсанға	2020 жылғы маусымға	2015 жылғы желтоқсанға	2021 жылғы қаңтар-маусым 2020 жылғы қаңтар-маусымға
Тұтыну бағасының индексі	101,1	104,6	107,9	144,9	107,3
Халық топтары үшін бағалардың индексі:					
ақшалай табыстары ең аз	101,1	104,7	108,0	147,6	107,8
ақшалай табыстары ең көп	101,4	104,8	107,8	145,5	106,8

5.2 Өндіруші кәсіпорындар бағасының индексі

Өндірілген өнеркәсіп өнімдеріне

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен	
2020 жыл	95,8
өткен айға пайызбен	
2020 жылғы маусым	101,7
2021 жылғы маусым	103,1



Өндірістік-техникалық мақсаттағы сатып алынған өнімдерге

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен	
2020 жыл	105,9
өткен айға пайызбен	
2020 жылғы маусым	99,6
2021 жылғы маусым	102,7



2021 жылғы маусымда өнеркәсіп өнімдеріне өндіруші кәсіпорындар бағасы металл кендеріне - 6,3%, бензинге - 4%, мұнайға - 3%, көмірге және мазутқа - 0,8%-дан, дизель отынына - 0,3%, табиғи газға 0,2% жоғарылады, сұйытылған пропан және бутанға 0,6% төмендеді.

Бағаның қара металдар илегіне - 10,7%, қорғасынға - 9,2%, мысқа - 8,6%, мырышқа - 4,6%, асыл металдарға - 4,4%, алюминийге - 4%, ферроқорытпаларға 3,4% жоғарылауы тіркелді.

Өсімдік майы - 5,4%, шай - 2,8%, құс еті - 1,7%, мал еті, жармалар және нан - 0,7%-дан, күріш - 0,5%, сүт өнімдері 0,3% қымбаттады, қара бидай ұны - 3,1%, қант - 0,5%, макарон өнімдері 0,3% арзандады.

	2021 жылғы маусым				пайызбен
	2021 жылғы мамырға	2020 жылғы желтоқсанға	2020 жылғы маусымға	2015 жылғы желтоқсанға	2021 жылғы қаңтар-маусым 2020 жылғы қаңтар-маусымға
Өнеркәсіп - барлығы	103,1	128,4	150,2	190,5	122,3
Өнеркәсіп өнімдері	103,3	131,2	156,4	198,4	124,6
Өнеркәсіптік сипаттағы көрсетілетін қызметтер	100,4	102,1	102,3	126,7	102,3

Экономикалық қызмет түрлері бойынша

	2021 жылғы маусым								пайызбен
	2021 жылғы мамырға		2020 жылғы желтоқсанға		2020 жылғы маусымға		2015 жылғы желтоқсанға		
	өнеркәсіп өнімдеріне	сатып алынған өнімдерге	өнеркәсіп өнімдеріне	сатып алынған өнімдерге	өнеркәсіп өнімдеріне	сатып алынған өнімдерге	өнеркәсіп өнімдеріне	сатып алынған өнімдерге	
Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу	103,2	102,5	140,4	108,2	180,4	108,1	201,2	147,2	
Өңдеу өнеркәсібі	103,3	103,5	115,8	116,2	125,5	122,3	185,6	193,3	
Электрмен жабдықтау, газ, бұ беру және ауа баптау	100,6	100,1	107,0	101,8	113,3	100,6	128,8	132,4	
Сүмен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау	100,2	...	100,9	...	101,8	...	121,9	...	


Энергия ресурстарының түрлері бойынша өндірілген өнеркәсіп өнімдеріне

	2021 жылғы маусым				пайызбен
	2021 жылғы мамырға	2020 жылғы желтоқсанға	2020 жылғы маусымға	2015 жылғы желтоқсанға	2021 жылғы қаңтар-маусым 2020 жылғы қаңтар-маусымға
Энергия ресурстары, барлығы	102,7	142,7	184,8	195,6	125,6
Шикізат ресурстары	102,9	146,6	195,4	203,7	127,2
Мұнай өнімдері	101,1	118,1	130,5	195,4	107,3
Электр энергиясы	100,7	114,4	128,1	135,5	119,6

5.3 Өндірушілердің ауыл шаруашылығындағы баға индексі

Ауыл шаруашылығы өніміне

	кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен
2020 жыл	115,3
	өткен айға пайызбен
2020 жылғы маусым	100,9
2021 жылғы маусым	99,6




2021 жылғы маусымда өткен аймен салыстырғанда өндірушілердің бағасы қарақұмыққа - 0,8%, тарыға - 0,4%, бидайға 0,3% өсті.

Баға картопқа - 5,4%, асханалық сәбізге - 1,6%, пиязға - 0,3%, асханалық қызылшаға 0,1% өсті. Кептірілген бұршақ - 2,8%, кептірілген жасымық - 1%, соя бұршақтары 0,2% қымбаттады.

Құс еті - 0,6%, қой еті - 0,5%, ірі қара мал еті - 0,3%, жылқы еті 0,1% қымбаттады. Баға жұмыртқаға - 19,3%, сиыр шикі сүтіне 0,4% төмендеді.

	2021 жылғы маусым				2021 жылғы қаңтар-маусым 2020 жылғы қаңтар-маусымға
	2021 жылғы мамырға	2020 жылғы желтоқсанға	2020 жылғы маусымға	2015 жылғы желтоқсанға	
Ауыл шаруашылығы өнімі	99,6	103,2	112,8	163,8	115,2
Өсімдік шаруашылығы өнімі	100,3	103,8	113,7	174,0	116,5
Мал шаруашылығы өнімі	97,7	101,5	110,4	137,0	111,4




Ауыл шаруашылығы өнімдерінің түрлері бойынша

	2021 жылғы маусым				2021 жылғы қаңтар-маусым 2020 жылғы қаңтар-маусымға
	2021 жылғы мамырға	2020 жылғы желтоқсанға	2020 жылғы маусымға	2015 жылғы желтоқсанға	
Бидай	100,3	103,1	112,1	203,3	116,9
Арпа	100,0	104,0	109,1	160,9	110,8
Сұлы	100,0	103,3	105,2	133,6	104,6
Қарақұмық	100,8	100,4	123,0	144,4	129,7
Картоп	105,4	109,8	123,2	143,7	121,8
Ірі қара мал	100,3	103,1	106,8	140,8	106,7
Жылқы	100,1	102,0	105,4	131,4	105,8
Қой	100,5	102,6	107,4	134,5	107,8
Шошқа	99,9	102,8	103,5	127,5	104,0
Құс	100,6	108,6	107,1	107,7	103,6
Шикі сүт	99,7	103,4	110,7	158,4	111,6
Жұмыртқа	80,7	83,4	116,0	135,2	134,1

5.4 Құрылыстағы баға индексі


кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен	
2020 жыл	99,7
өткен айға пайызбен	
2020 жылғы маусым	100,1
2021 жылғы маусым	100,6



2021 жылғы маусымда өткен аймен салыстырғанда құрылыс ұйымдарының ыстықтай илектелген арматуралық болатты сатып алу бағасы – 4,7%, жайма болатты – 3,7%, портландцементті 1,8% жоғарылады.

Бояулар мен эмальдар – 4,7%, әк және ғаныш – 1,4%, электр жабдықтар 0,1% арзандады.

	2021 жылғы маусым				2021 жылғы қаңтар-маусым 2020 жылғы қаңтар-маусымға
	2021 жылғы мамырға	2020 жылғы жел-тоқсанға	2020 жылғы маусымға	2015 жылғы жел-тоқсанға	
Құрылыстағы баға индексі	100,6	103,9	104,0	120,2	101,7
Құрылыс-монтаж жұмыстары	100,7	104,4	104,8	119,5	101,7
Машиналар мен жабдықтарға	100,1	100,1	99,6	114,1	100,0
Өзге де жұмыстар мен шығындарға	100,2	102,2	102,7	125,2	102,2




Сатып алынған құрылыс материалдары бағасының индексі

	2020 жылғы маусым				2021 жылғы қаңтар-маусым 2020 жылғы қаңтар-маусымға
	2021 жылғы мамырға	2020 жылғы желтоқсанға	2020 жылғы маусымға	2015 жылғы желтоқсанға	
Бояулар, лактар және соған ұқсас жабындар	96,2	96,4	96,9	103,2	100,5
Қыш тақтайшалар мен тақталар	100,0	100,5	101,3	107,1	101,1
Күйдірілген саздан жасалған кірпіштер, тақтайшалар және құрылыс бұйымдары	99,9	102,2	102,9	109,6	106,1
Цемент	101,2	102,7	102,4	121,2	101,8
Әк және ғаныш	98,6	98,5	92,3	81,8	100,4
Бетоннан жасалған құрылыстық мақсаттағы бұйымдар	100,0	102,3	102,4	117,4	101,3
Тауарлық бетон	100,2	93,7	95,5	100,5	99,1
Негізгі қара металдар	103,2	109,5	112,2	124,7	107,8
Металл конструкциялар және олардың бөліктері	106,6	107,5	106,7	135,4	100,6

5.5 Тұрғын үй нарығындағы баға

Жаңа тұрғын үйлерді сату бағасының өзгеруі



Абаттандырылған тұрғын үйлерді алып сату бағасының өзгеруі



Абаттандырылған тұрғын үйді жалға алу төлемінің өзгеруі



2021 жылғы маусымда өткен аймен салыстырғанда жаңа тұрғын үйлерді сату бағалары – 0,9%, абаттандырылған тұрғын үйлерді алып сату 1,2% өсті. Абаттандырылған тұрғын үйді жалға алу төлемі 0,3% жоғары болды.

	1 шаршы метрінің бағасы, теңге	2021 жылғы маусым				2021 жылғы қаңтар-маусым 2020 жылғы қаңтар-маусымға
		2021 жылғы мамырға	2020 жылғы желтоқсанға	2020 жылғы маусымға	2015 жылғы желтоқсанға	
Жаңа тұрғын үйлерді сату	338 450*	0,9	9,2	12,6	22,3	9,6
Абаттандырылған тұрғын үйлерді алып сату	267 364	1,2	14,7	24,9	37,2	22,3
Абаттандырылған тұрғын үйді жалға алу төлемі	1 764	0,3	7,4	11,6	36,5	10,9

* Бастапқы, таза әрленген пәтерлердің жалпы ауданының бір шаршы метрінің бағасы.

5.6 Көтерме саудада сату бағасының индексі

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен	
2020 жыл	103,9
өткен айға пайызбен	
2020 жылғы маусым	100,0
2021 жылғы маусым	100,5




2021 жылғы маусымда мамырмен салыстырғанда көтерме саудада сату бағасының сұйытылған пропан және бутанға – 7%, керосинге – 4,5%, қара металдарға – 4,3%, мазутқа – 1,7%, дизель отынына – 1%, автомобиль бензиніне 0,3% жоғарылауы, олардың шикі мұнайға 2,6% төмендеуі тіркелді.

Картоп – 6,7%, құс еті, маргарин – 2,4%-дан, күнбағыс майы – 1,1%, қант, шай – 0,7%-дан, арпа – 0,6%, өңделген сұйық сүт 0,4% қымбаттады, жұмыртқа 11,6% арзандады.

	2021 жылғы маусым пайызбен				2021 жылғы қаңтар-маусым 2020 жылғы қаңтар-маусымға
	2021 жылғы мамырға	2020 жылғы желтоқсанға	2020 жылғы маусымға	2015 жылғы желтоқсанға	
Тауарлар мен өнімдер - барлығы	100,5	106,1	109,1	143,7	106,4
Тұтыну тауарлары	100,1	103,8	107,3	140,8	107,6
Аралық тұтыну өнімі	101,0	110,0	112,4	155,5	104,7
Өндіріс құралдары	100,6	102,2	103,2	122,5	101,8

Түпкілікті мақсат бойынша жіктелген тауарлар




Негізгі топтар бойынша

	2021 жылғы маусым пайызбен				2021 жылғы қаңтар-маусым 2020 жылғы қаңтар-маусымға
	2021 жылғы мамырға	2020 жылғы желтоқсанға	2020 жылғы маусымға	2015 жылғы желтоқсанға	
Жаңа піскен жемістер мен көкөністер	102,5	116,4	107,8	161,2	108,7
Ет және ет өнімдері	101,1	102,8	104,0	125,5	102,8
Сүт өнімдері, жұмыртқа, майлар мен тоңмайлар	100,1	104,9	114,2	151,0	113,4
Қант, шоколад, кондитерлік өнімдер	100,4	104,9	110,6	138,8	108,7
Кофе, шай, какао және дәмдеуіштер	100,5	102,0	103,3	133,3	105,5
Автомобильдерге арналған бөлшектер және керек-жарақтар	99,7	101,6	103,9	122,3	104,2
Ыдыстар мен тазалағыш құралдар	100,5	102,1	111,4	140,5	111,4
Фармацевтикалық және медициналық тауарлар	100,3	100,8	102,1	125,7	102,1
Қатты, сұйық және газ тәрізді отын	100,7	111,1	112,7	167,5	101,8
Химиялық тауарлар	99,2	99,1	98,9	110,6	100,2
Шиналар	100,8	102,5	102,7	129,8	101,4

5.7 Заңды тұлғаларға көрсетілген жүк көлігі және почталық, курьерлік және байланыс қызметтеріне тарифтердің индексі

Жүк көлігі қызметтеріне

	кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен
2020 жыл	102,8
	өткен айға пайызбен
2020 жылғы маусым	99,0
2021 жылғы маусым	100,0




2021 жылғы маусымда өткен аймен салыстырғанда көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау тарифтерінің индексі 100% құрады.

Теңіз көлігі қызметтеріне тарифтер 0,2%, құбыр - 0,1% төмендеді. Автомобиль, әуе және ішкі су көлік түрлерінің қызметтеріне тарифтер өзгерген жоқ.

	2021 жылғы маусым пайызбен				2021 жылғы қаңтар-маусым 2020 жылғы қаңтар-маусымға
	2021 жылғы мамырға	2020 жылғы желтоқсанға	2020 жылғы маусымға	2015 жылғы желтоқсанға	
Жүк көлігі	100,0	107,4	108,3	166,6	108,0
Автомобиль	100,0	100,1	99,2	108,4	99,2
Әуе	100,0	128,2	128,2	168,3	120,5
Құбыр	99,9	115,6	118,0	161,0	119,4
Ішкі су	100,0	100,0	100,0	136,9	100,0
Теңіз көлігі	99,8	105,4	110,1	-	108,3

Почталық және курьерлік қызметтерге

	кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен
2020 жыл	102,1
	өткен айға пайызбен
2020 жылғы маусым	100,0
2021 жылғы маусым	100,0



Байланыс қызметтеріне

	кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен
2020 жыл	99,8
	өткен айға пайызбен
2020 жылғы маусым	99,9
2021 жылғы маусым	100,0

— почталық және курьерлік қызметтері — байланыс қызметтері

Почталық, курьерлік және байланыс қызметтерінің түрлері бойынша

	2021 жылғы маусым пайызбен				2021 жылғы қаңтар-маусым 2020 жылғы қаңтар-маусымға
	2021 жылғы мамырға	2020 жылғы желтоқсанға	2020 жылғы маусымға	2015 жылғы желтоқсанға	
Почталық және курьерлік қызметтері	100,1	104,6	105,4	129,1	105,2
Почталық қызметтері	100,0	107,7	107,7	146,2	107,7
Курьерлік қызметтері	100,2	102,1	103,4	118,9	103,1
Байланыс қызметтері	100,0	100,4	100,3	118,4	100,2
Жергілікті телефон байланысы	100,0	100,0	100,0	100,1	100,0
Қалааралық телефон байланысы	100,0	106,1	105,2	103,4	105,2
Сымды желілер арқылы Интернетке қатынауды ұсыну бойынша қызметтері	100,0	100,0	100,0	93,4	99,7
Жедел әрекетті байланыс қызметтері	100,0	100,4	100,4	106,8	100,4
Сымсыз желілер арқылы Интернетке қатынауды ұсыну бойынша қызметтер	100,0	100,0	100,0	92,0	100,0
Өзге де телекоммуникациялық қызметтер	100,0	100,0	100,0	144,1	99,9

5.8 Сыртқы сауда бағасының индексі

Экспорттық жеткізілімдер

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен	
2020 жыл	92,3
өткен айға пайызбен	
2020 жылғы мамыр	88,5
2021 жылғы мамыр	102,5



Импорттық түсімдер

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен	
2020 жыл	105,4
өткен айға пайызбен	
2020 жылғы мамыр	99,9
2021 жылғы мамыр	101,8



Ағымдағы жылғы мамырда экспорттық жеткізілімдер бағасының қара металл илегіне - 13,2%, темір кендеріне - 6,6%, ферроқорытпаларға - 4,3%, мысқа - 3,8%, қорғасынға - 1,9%, мырышқа 0,8% жоғарылауы, олардың портландцементке - 2%, бидайға 0,6% төмендеуі тіркелді.

Импортталатын өнімдерден жемістер мен жаңғақтар - 20,7%, сүрек - 4,1%, маргарин - 3,9%, қағаз - 2,6%, өсімдік майы 0,8% қымбаттады, шай - 3,7%, көкөністер - 2,5%, темекі 1% арзандады.

	2021 жылғы мамыр				2021 жылғы қаңтар-мамыр 2020 жылғы қаңтар-мамырға
	2021 жылғы сәуірге	2020 жылғы желтоқсанға	2020 жылғы мамырға	2015 жылғы желтоқсанға	
Экспорт - барлығы	102,5	128,9	162,3	176,6	119,9
Импорт - барлығы	101,8	106,7	111,5	160,5	108,7


Өнімдердің топтары бойынша

	Экспорттық жеткізілімдер			Импорттық түсімдер		
	2021 жылғы мамыр			2021 жылғы мамыр		
	2021 жылғы сәуірге	2020 жылғы желтоқсанға	2020 жылғы мамырға	2021 жылғы сәуірге	2020 жылғы желтоқсанға	2020 жылғы мамырға
Сүт өнімдері, құс жұмыртқасы	100,9	101,5	100,6	101,0	102,5	105,2
Дәнді дақылдар	99,7	101,6	101,7	106,6	109,5	109,9
Қант және қанттан жасалған кондитерлік өнімдер	100,8	104,5	112,7	100,3	104,1	107,8
Алкогольді ішімдіктер және алкогольсіз сусындар	101,1	104,4	106,5	100,8	102,3	110,3
Минералды өнімдер	102,3	136,2	186,3	100,8	114,2	139,0
Қара және түсті металдар	104,8	128,4	155,6	102,7	111,2	116,6
Химия өнеркәсібі өнімдері	101,2	105,1	101,5	104,1	105,0	105,4
Пластмасса және одан жасалған бұйымдар	101,5	106,6	122,0	100,7	107,4	111,5
Тоқыма және тоқыма бұйымдар	99,8	104,7	104,9	98,2	101,8	103,6


6. Ұлттық экономика

6.1 Қысқа мерзімді экономикалық индикатор

өткен жылғы тиісті айға пайызбен		
	2020	2021
Қаңтар	104,4	94,2
Ақпан	105,3	97,7
Наурыз	103,4	102,3
Сәуір	92,8	111,7
Мамыр	93,7	105,0
Маусым	96,8	104,9
Шілде	88,3	
Тамыз	96,0	
Қыркүйек	99,6	
Қазан	94,9	
Қараша	98,1	
Желтоқсан	100,7	



өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен		
	2020	2021
Қаңтар	104,4	94,2
Қаңтар-ақпан	104,9	96,0
Қаңтар-наурыз	104,3	98,2
Қаңтар-сәуір	101,2	101,2
Қаңтар-мамыр	99,5	102,0
Қаңтар-маусым	99,0	102,9
Қаңтар-шілде	97,3	
Қаңтар-тамыз	97,1	
Қаңтар-қыркүйек	97,5	
Қаңтар-қазан	97,2	
Қаңтар-қараша	97,4	
Қаңтар-желтоқсан	97,6	




Қысқа мерзімді экономикалық индикатор – экономиканың даму тенденцияларын сипаттайтын көрсеткіш. Оны есептеу жедел есептеуді қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады және ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс сияқты негізгі салалар бойынша шығарылым индекстерінің өзгеруіне негізделеді. Аталған салалардың ЖІӨ көлеміндегі үлесі 60%-дан аса құрайды.

6.2 Жалпы ішкі өнім

нақты көлем индексі, өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен

2011 жылғы қаңтар-наурыз	106,6
2012 жылғы қаңтар-наурыз	105,7
2013 жылғы қаңтар-наурыз	104,6
2014 жылғы қаңтар-наурыз	103,9
2015 жылғы қаңтар-наурыз	102,3
2016 жылғы қаңтар-наурыз	99,9
2017 жылғы қаңтар-наурыз	103,6
2018 жылғы қаңтар-наурыз	104,1
2019 жылғы қаңтар-наурыз	103,8
2020 жылғы қаңтар-наурыз	102,7
2021 жылғы қаңтар-наурыз	98,6

қаңтар-наурыз өткен жылғы тиісті кезеңге пайызбен



Тауарлар мен қызметтер өндірісі

